



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

оқып жатқан білім ордасында алып жатқан білімнің болашақта қажет екенін түсініп, қандай әлеуметтік қажеттіліктерді өтеуге көмектесетінін және оқып жатқан пәндердің маңыздылығын жете ұғынуы керек. Ересектер оларды қолдай отырып, өмірде оқудың маңызды екенін айту қажет. Сонымен қатар оқуға қызығушылықпен қарауды қалыптастыру және танымдық мотивацияны да дамыту маңызды болып саналады. Ол үшін пәндерді оқытуда жасөспірім жаңа білімді алып, оны қолдануда дербес мүмкіндіктерді іздей білу машықтығы болуы керек. Оқу мотивациясын қалыптастыруда оқытушы ең негізгі рөлді атқарады. Жасөспірімдердің оқуға деген қызығушылығы оқытушының кәсіби дайындығы мен балаларға деген қарым – қатынасына байланысты.

Қолданылған әдебиет

1. М. М. Акижанова. «Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі студенттердің оқу мотивациясы мәселесі» Вестник КАСУ №1 - 2008
2. Зимняя И.А. «Педагогикалық психология»: Алматы, 2005.
3. «Білім» журналы 2006-3, «Студенттердің таным белсендігін арттыру»
4. Хекхаузен Х. Психология мотивации достижения.- СПб.: Речь, 2001. - 240 с.
5. Попова Т.В. Формирование мотивационной составляющей психической саморегуляции учебной деятельности студентов филологического факультета: Автореф. дис. канд. психол. наук. - Казань, 2002. - 24 с.
6. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. - СПб.: Питер, 2006.

УДК 316.017

ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Юлдашбекова Г.А.

Психология мамандығының III курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші: Айтышева А.М.

Қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі қарқынды дамып отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өсіп, білім деңгейіне және әрбір жеке тұлғаның шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талаптар арта түсуде. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Осымен қатар кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы болып табылады. Мамандық - professio - деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағнаны білдіреді. Мамандық бағдар беру - әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдап алуына ықпал жасау.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан. Мамандыққа бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский, Ю.П.Сокольников, Г.Н.Мальковская, Г.А.Уманов т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын қалыптастырды. Психологиялық қызмет ұйымдастырылған мектептерде балалардың жекелік психикалық қасиеттерін анықтаумен шектелуде. Ал шын мәнінде бұл қызмет көпқырлы және көпсырлы болуға тиісті деп ойлаймын. Оқушыларды алдын-ала кәсіби диагностикалаудан өткізу проблемасын зерттеу үшін көптеген арнайы және жалпы диагностикалық әдістемелер жасалған. Оның ішінде Айзенк пен Стреляудың темпераментті өлшеу тестері, Бине-Симон

жасаған интеллектуалдық қабілеттілікті анықтау шкаласы, Айзенктің интеллекті зерттеу тестерінің вербалдық, математикалық және техникалық субтестілері, Филипстің баланың мазасыздану деңгейін анықтау тесті, коммуникациялық және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу тестері тағы сол сияқты көптеген әдістемелер. Олардың нәтижесін кәсіби бағдарлауда қолдану ережелерін Айзенк, Лемтес т.б. анықтаған.

Бұл жұмыстың мазмұны жеке адамның психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп келесі компоненттер бойынша мағлұмат алудан тұрады:

- мінез-құлқының жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- жүйке қызметінің жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, кәсіби ниеттері туралы мағлұматтар алу;
- құндылық бағдарлануы;
- білімі, іскерлігі және дағдалары.

Сонымен бірге кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда құндылықтардың қалыптасуына үлкен әсерін тигізетін нәрсе — мотивтер екенін ескеру қажет.

Мамандық таңдау мотивтерін анықтауға арналған көптеген әдістемелер бар. Оларды қолданып зерттеу жүргізу нәтижесінде балалардың мектеп бітіру шағында мотивациялық сферасы өте нашар көрініс беретіндігі анықталған. Бұл жағдай мектеп түлектерінің қалаулары анықталмастан, болашақ өмір жолын анықтауға өздері үлес қосуға шамасы келмейтіндігін көрсетіп отыр. Жеке адамның басқа психикалық қасиеттері де өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстылықты былайша көрсетуге болады: қажеттіліктер - қызығушылықтар - объективті құндылықтар — мотивтер - мақсат — таңдау.

Сондай-ақ жеке адамның даралық ерекшеліктеріне мінез-құлық жатады. Филипс жасаған оқушылардың мектептегі мазасыздану деңгейін анықтау тесті, Шмишектің мінез акцентуациясын анықтау әдістемесі, бала агрессиясын зерттеуге арналған Басса-Даркидің тесті тағы сол сияқты бірнеше әдістемелерді қолданып, әр адамның мінез ерекшеліктерін толық және жан-жақты бағалап шығуға мүмкіндік береді. Бала агрессиясын зерттеушілер оған әр түрлі анықтамалар береді. Бала агрессиясын зерттеушілер оған әр түрлі анықтама береді. Біреулері ол адамның қоршаған орта құбылыстарынан өзін қорғауға арналған тұқым қуалаушылыққа негізделген қасиет деп көрсетсе (Лоренд, Анри), екіншілері жетекші роль атқаруға бағытталған әрекет (Моррисон) деп түсіндіреді. Агрессияны фрустрация мен байланыстыратын теориялар да бар (Маллер, Дуб, Доллард). Мамандыққа бағдарлау барысында осы қабілеттің түрлерін нақты анықтап, іс-әрекеттің қандай түрлерінде адам ерекше табысқа тезірек жететінін болжамдауға мүмкіндік туады. Интеллектуалдық қабілетті зерттеуге арналған әдістемелер өте көп. Солардың ішінен Айзенк тестерін атап өтіге болады. Айзенк Тестері сегіз субтесттен тұрады. Әрқайсысы 50 тапсырмадан құрылған. Олардың ішінен вербалдық, математикалық, техникалық қабілетті анықтау субтестілері деп әр түрін жеке дара қолданып, іс-әрекеттердің қай түрінде адам өзінің қабілеттерін толық ашуға мүмкіндіктері молырақ екені анықталады.

Мамандық бағдар беру барысында балалардың психикалық ерекшеліктерін жан-жақты диагностикалау арқылы олардың болашақта қай салада табыста болуға мүмкіншіліктері молырақ екенін анықтауға көмек көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша балалармен кеңес жүргізіліп, олардың пәндерге қызығушылығы, мектептен тыс қызығушылығы, мамандық таңдау мотивациялары, ата-аналарының мамандықтары, мамандықтар туралы мағлұмат алу көздері тағы көптеген мәселелер анықталады:

1-этап.

«Менің қалауым» - болашақта өзіңізді қандай маман ретінде көресіз сол туралы жазыңыз

• Сіз мамандық таңдағанда еңбектің қандай объектісімен жұмыс істеу сізге қанағат және қызығушылық тудырады. Документпен ба? Адамдармен ба? Жануарлармен ба? Техникамен ба? Мүмкін сізге мамандықтың жан жақты болғандығы ұнайтын шығар, немесе өнермен байланысты болған (би, өнер жағы, жазушылық).

Кейде мамандық таңдау адамның темпераментіне, мінезіне, хоббийіне де байланысты

болады. Бірақ та шатаспаңыз: Егер сіз компьютерде интернетпен сағаттап отырғаныңыз сізде техникамен жұмыс істеуге қабілетті дегенді білдірмейді: мүмкін бұл сізге осы уақытта - адамдармен қарым - қатынас жасаудың қарапайым түрі болуы мүмкін.

• Екіншіден сізге қандай жерде жұмыс істеген ұнайды соның тізімін жазыңыз. Сізге табиғатта жұмыс істеген ұнай ма; немесе офисте? Сізге отырып қимыл - қозғалыссыз жұмыс істеген ұнай ма немесе қимыл - қозғалыстағы жұмыс ұнай ма? Ал командировкаға қалай қарайсыз? Сізге коллегамен жұмыс істеген ұнай ма әлде жеке индивидуалды жұмыс па? Осы жерде сіздің өзіңіздің сол салада жұмыс істеуге деген қабілетіңізді ұмытпаңыз.

2 -этап.

• Мүмкіндіктеріңізге және қабілетіңізге анализ жасаңыз.(«мен істей аламын»).

Мектепте сіздің қабілетіңіз, қызығушылығыңыз, жетістіктеріңізді ойлап көріңіз ; қандай типтегі тапсырмаларды шешу сізге оңай болушы еді, жаратылыстану ма әлде гуманитарлы ғылымдар ма.

• Өзіңіздің дәрежеңізді бағалаңыз.

Интеллектуалды немесе коммуникативті (эффektivті қарым-қатынасқа түсу немесе қарым-қатынастан қашу, конфликтті шешу , басқа адамдармен контакт орнату) өзіңіздің жақындарыңыздан сізді болашақта қай жақтан көреалатындығы туралы пікірін сұраңыз, өзіңіздің жеке қасиеттеріңізді жазыңыз- сіз қандай адамсыз? Жауапкершілігі мол немесе ондай емес ұқыпты адамсыз ба әлде ұқыпсыз? Индивидуалдық ұнай ма немесе коллективпен болған ұнай ма ? өзіңізге тән он қабілетіңізді жазу артық болмайды. Өзіңіздің физикалық және физиологиялық денсаулығыңызды ескеріңіз, соған байланысты шектеулерді анықтаңыз кейбір мамандықтарда бұлар да ерекше орын алады.

3-этап.

• Еңбектің тәлім – тәрбие жағын анализдеңіз.

• Сіздің мемлекетіңіз сіз таңдаған мамандықты қажет етеме? Қандай мамандар жетіспейді , қандай мамандар керектігі туралы ақпарат жинаңыз, бұл –тұралы ақпарат алу болашақта қандай жерде жұмыс істеуге болатындығын анықтайды. Сізді қызықтырған мамандықтың жалақысы қандай оғанда назар аударыңыз.

4- этап.

• Өзіңіздің шешіміңізді қабылдаңыз!

Қорытындылай келе айтарым құрметті достар! Кәзіргі таңда жастар мамандық таңдағанда өздерінің қызығушылығына қарамай ата-анасы айтқан мамандықты таңдайды, немесе ҰБТ-дан кейін балы қандай мамандыққа жетіп грантка түседі, сол сала бойынша кетеді. Нәтижесінде оқуы соңына жетпейді немесе оқуға қабілеті жетпей, ауыртпашылығына шыдай алмай өз-өзіне қол жұмсайтын жағдайлар да кездесіп жатады. Сіз мамандықты өзіңіз үшін таңдаңыз жастықта кім болуды қаладыңыз? Жұмысты қызығып істегенде сіз еліміздің дамуына үлес қосатын жаңалықтар ашасыз, осы ұсынылған ақпараттарға сүйене отырып қорытынды шешімді өзіңіз қабылдаңыз!

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Захаров Н.Н. Профессиональная ориентация школьников. М., 1989.
- 2.Ахметжанова Г.В. Формирование мотивации школьников к педагогической профессии. Тольятти, 1997.
- 3.Павлютенков Е.М. Формирование мотивов выбора профессии. — Киев, 1980.
- 4.Психологическая диагностика детей и подростков. — М., 1995.
- 5.Кон И.С. Психология юношеского возраста. М., «Просвещение», 1979.

УДК 316.017

BEING SATISFIED WITH LIFE AS A MECHANISM FOR DETERMINING PERSONAL FULLNESS